

Атыраудың жеті кереметі

Атырау - тарихы терең, табиғаты көркем өңір. Бұл өлке өзінің тарихи орындарымен, табиғи байлығымен және мәдени ескерткіштерімен ерекшеленеді. Солардың ішінде Атыраудың жеті кереметі ерекше орын алады.

Олардың қатарына Сарайшық қалашығы, Исатай - Махамбет мемориалдық кешені, Ақмешіт жерасты мешіті, Индер көлі, Жайық өзені, Қамыс-Самар көлдері және «Иманғали» орталық мешіті жатады. Бұл орындар өңірдің тарихын, табиғатын және рухани құндылықтарын танытады.

Атыраудың жеті кереметі - туған өлкеміздің мақтанышы. Оларды қорғап, келер ұрпаққа жеткізу - әрқайсымыздың міндетіміз.